

Мамыров Азамат Ыбыраевич¹

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
«Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті» ЖЖКББМ, Қазақстан
Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы 194,
mamyrov.69@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-5262-9789

Курмашева Гулжанат Саясатқызы*²

Педагогика ғылымдарының магистрі, «Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық
университеті» ЖЖКББМ, Қазақстан Республикасы, 090006,
Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194,
kurmasheva.gulzhanat@mail.ru, ORCID ID: 0009-0008-2683-3541

**I. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СТИЛДІК ЕРЕКШЕЛІГІ ҚАЖЫМ
ЖҰМАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ**

Аңдатпа. Мақалада көрнекті ғалым Қажым Жұмалиевтің Ілиястануда айтылған ғылыми пайымдары зерттеледі. Мұнда Ілияс Жансүгіровтің ақындық шеберлігі, стилдік ерекшелігі ғалым Қажым Жұмалиевтің зерттеу еңбектерін негізге ала отырып талданады. Қажым Жұмалиевтің зерттеулері негізінде Жансүгіров поэзиясының стилдік ерекшеліктері бірнеше аспектілерде қарастырылады. Академик Қажым Жұмалиев Ілиястың шығармаларын талдай отырып, оның әдебиеттегі орны мен ерекшеліктеріне тоқталады.

I. Жансүгіровтің «Гемалаи» поэмасы Қажым Жұмалиевтің пікірінше, бұл поэмада ақын ерікті ұйқас пен қара өлең ұйқасын үйлестіре отырып, мағыналы аяқталған ойды білдіретін шумақтар жасалды. «Гемалаи» поэмасының құрылысында 7-8 буындық жыраулық үлгінің қолданылуы, оның адамзат баласының рухын көтеретін деңгейге жетуі — бұл поэманың қазақ әдебиетінде алатын орны мен маңыздылығын көрсетеді. Қ. Жұмалиев «Гемалаидан» кейінгі «Далаа» поэмасының да идеялық-көркемдік жаңалығын атап өтеді, мұнда ақын халықтың тарихын, мәдениетін, тұрмысын терең әрі шынайы бейнелейді. «Дала» поэмасының композициясы халық өмірінің тарихына негізделіп, шендестіру әдісін қолдана отырып, өткен мен бүгінгі өмір арасындағы байланыстарды көрсетеді. Поэмадағы эпизодтар, әсіресе «Ақтабанн», «Құл көгеніі», «Құрбандыққ» сияқты бөлімдер, тарихи оқиғаларды суреттеу арқылы халықтың ауыр күндерін еске салады.

Қажым Жұмалиевтің зерттеулері I. Жансүгіров поэзиясының стильдік ерекшеліктерін тереңірек түсінуге көмектеседі, оның шығармашылығының мән-мағынасы мен әдебиеттегі орнын ашып көрсетеді.

Кілт сөздер. Идея, жанр, стиль, композиция, өлең құрылысы, ырғақ, образ, сюжет, теңеу, метафора.

Кіріспе. Жеке басқа табынушылық жылдары жіберілген қателіктер әшкереленіп, кеңестік жүйеде жылымық кезеңі орнаған уақытта, өткен ғасырдың отызыншы жылдары жазықсыз жазаланған қаламгерлер ақталып, олардың шығармалары әдеби айналымға қайта енгізілді. Ой, сөз бостандығы салтанат құрған сияқты болып көрінген сол жылдардың өзінде кеңестік идеология бақылауы босамағандығы байқалады, бұл өз кезегінде шығармашылық еркіндікті шектеп, әдеби талдауға шектеу қойды. Баспаға

ұсынылған шығармалар сүзгіден өтіп, мәтіндер күзеліп һәм «түзеліп» отырды. Осы кезеңдегі әдебиеттану жарияланымдарын статистикалық тұрғыдан санамалап қарайтын болсақ, басымдық жаңадан ақталып шыққан үш ұлы тұлға - Сәкен, Бейімбет және Ілиястың поэзиясы, прозасы мен драматургиясы кеңінен сөз болғандығын байқауға болады. Әрине, бұл зерттеулерде сол тұстағы әдеби шығармаларға қойылған критерилерден асып кете алмады. Мұнда да шығарманы социалистік реализм тұрғысынан сынға алып бағалау безбені басымдық алды. Неге бұлай болды сауалына айтарымыз идеология да, жеке зерттеуші де уақыттан озып сана төңкерісін жасарлық озаған ой айта алмады. Алайда, бұл кезеңнің жаңалығы аталмыш авторлар шығармаларын талдауда, таптаурын болған отызыншы жылдардағы пікірлерді қайталаған жоқ. Әр автордың өзіндік ерекшелігі, стилі неде деген мәселеге үңілді. Әрі авторды өзі өмір сүрген уақыт шындығымен, ортасымен бірлікте алып қарастырды. Бұл алпысыншы жылдардағы әдебиетіміздегі үлкен жетістік екені даусыз. Мұны кейінгі кезеңдер әдебиетіне соны серпін болды деп толық айта аламыз.

Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығын терең зерттеген академик Қажым Жұмалиев ілиястану ақын ұсталып, халық жауы атанған 1937 жылға дейін басталғандығын нақты мәліметтер арқылы көрсетеді. Бұған қарап ілиястану отызыншы жылдары жойдалы болған деп айта алмаймыз, себебі Жансүгіров шығармашылығы туралы айтылған түрлі деңгейдегі сын-пікірлер, мақалалар автордың әдебиеттегі орның көрсететін шынайы бағалауға көтеріле алған жоқ. Ақынның шығармаларының мәні мен көркемдік сапасы туралы терең зерттеулер тек 1958 жылдан бастап қолға алынып, жан-жақты қарастырылды. Мұның басында әдебиеттанудың білгірі академик Қ.Жұмалиев тұр.

Зерттеуші 1958 жылдан бастап Ілияс Жансүгіров шығармашылығының зерттеле бастауының бірнеше себептерін айтады. Біріншіден, ақынның туындары ұзақ уақыт бойы баспа бетінде көрінбей, тек 20 жылдан соң ғана оқырмандармен танысқан. Екіншіден, Ілияс Жансүгіровтың көзқарастары социалистік өмір шындығына сай келеді, ал оның шығармаларының негізгі тақырыбы халықтың тілегі мен қоғамның мүддесі болып табылады. Үшіншіден, оның ерекше таланты мен сөзшеберлігі қазақ әдебиетінде кеңінен танытылды, сонымен бірге оның қалдырған әдеби мұрасының идеялық тереңдігі мен эстетикалық мәнін дұрыс түсінуге бағытталған зерттеулер жүргізілді.

Ғалым қазақ әдебиеттануындағы І.Жансүгіровтің шығармашылығына қатысты пікірлерді талдап, оны өз ойымен сабақтастырып, ақынды әдебиеттің әртүрлі жанрында еңбек еткен лирик, эпик, драматург және сатирик ретінде танытады.

І.Жансүгіровтің ақындық қырын терең зерттеу мен арнайы монографиялық еңбектер сол кезеңде жоқ болғандығын атап өткен ғалым, қазақ әдебиеттану ғылымында ақын шығармашылығы туралы жазылған ең салмақты жұмыстардың бірі ретінде филология ғылымдарының кандидаты, М.Қаратаевтың «Ілияс Жансүгір» атты очеркін атап көрсетеді. «Ғалым Мұхамеджанның ғылыми қорытындысы әдеби тұрғыдан жалпы алғанда дұрыс екендігін айта келе, ақынның шығармашылығы мен таланты туралы айтылған пікірлердің шындыққа дәл келгенін атап өтеді. Алайда, мақаланың жалпы мазмұнында Ілиясқа тән ерекшеліктерден гөрі, кеңінен таралған қазақ әдебиетіне қатысты мәселелердің көбірек талқыланғанын байқайды. Ілияс шығармашылығының халықтығы, партиялығы, және поэзиясының заман талабына сай болуы оның басқа ақындардан ерекшеленуі емес, жалпы әдебиеттегі бірлігі екенін түсіндіреді. Бұл сипаттарды Сәкен мен Сәбит шығармашылығына да қолдануға әбден болады. Сондықтан, зерттеу жұмысы барысында біз Ілияс Жансүгіровтың өзіне тән шығармашылық ерекшеліктерін, яғни бұрын айтылмаған немесе аз зерттелген жаңалықты мәселелерді тереңірек қарастырамыз» - деп, зерттеу бағытын нақты көрсетіп,

жеке шығармашылық тұлғаның стилін ашуға қажетті назар аударылатын аспектілерді атап өтеді. [1, 52 б.].

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қ.Жұмалиев кез келген ақын немесе жазушының шығармашылығын талқылағанда, оның әдебиеттегі орны мен ықпалын анықтау үшін ең алдымен, автордың шығармаларында көтерілген әлеуметтік маңызға ие мәселелер мен әдебиетке енгізген теориялық жаңалықтарын (идея, тақырып, әдіс, жанр, стиль, копмозизия, тіл, өлең құрылымы және т.б.) ескеру қажет деп есептейді.

Ғалымның пайымынша Жансүгіров жырларында ритм мен музыкалық ырғақ, ерекше әуезділік байқалады. Ғалым ақын өлеңдерінің ритмдік құрылымдарын талдай отырып, оның поэзиясындағы музыкалық элементтердің маңыздылығы неден көрінетіндігін аңғартады. Ақынның өлеңдері мен поэмалары қазақ әдебиетінде мазмұнымен ғана емес, формасымен де ерекшеленеді.

І.Жансүгіровтің шығармашылығын аса ден қоя зерттеген ғалым ақынның ерекшелігін жаңа дәуірдің тынысын, өткен заманның тарихи тақырыптарын заманға сәйкес жаңа мақаммен жеткізуінде, сондай-ақ ырғақтың ерекше қолданылуында деп біледі. І.Жансүгіровтің шығармашылығындағы жаңашылдық жаңа тақырыптардың, өлең құрылымдарының (ұйқас, әдіс, ырғақ, образ және т.б.) қалыптасуымен байланысты екенін, және сөз мәнерін талдай отырып, бұл жаңашылдықтардың қалай көрініс тапқанын ашып көрсеткенін байқаймыз.

Ілияс Жансүгіровтің қазақ әдебиетіне қосқан елеулі үлесі, өзіндік қолтанбасын бағалауда, ғалымның Гемалай поэмасының мазмұны мен құрылысына қатысты пікірі өміршендігімен үлкен маңызға ие. Гемалайдың көркемдік кестеленуі аралас ұйқасты өлеңдер тобына жатады. Бұл өлеңдегі ақынның жаңалығы ерікті ұйқас пен кара өлең ұйқасын біріктіріп, мағынасы толық, аяқталған бір ойды жеткізетін мағыналы бір ойды білдіретін өлең шумағын жасаған. [1, 57 б.].

Мысалы:

/Ақшалап басын қар көміп,
/Аспанның төсін арда еміп,
/Апасындай алтын күн,
Сел жіберіп бір жуып,
Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай...
Сол күннен нұр ала алмай,
Басы мұнар, бауыры тар...
Гималай асқар неге олай?

Осы үзіндідегі поэмадағы терең мазмұн мен ерекше көркем түрдің пайда болуының негізгі себебі, ғалымның көрсетуінше үлкен идея мен ақындық күштің үйлесімінде. Тағы бір тоқалып өтетін тұс, І.Жансүгіровтың бұл поэмасы 7-8 буындық жыраулық үлгімен жазылып, адамзаттың оның ішінде ұлттың рухын көтеретін дәрежеге жеткендігі. Ғалым Гемалай сөздік қор, ұлттық тілдің мүмкіндіктерін айқын көрсететін мәйекті үлгі деп бағалайды.

Нәтижелер және оларды талқылау. І.Жансүгіровтің қазақ әдебиетіндегі өсу жолын шығармашылығы арқылы сараптаған ғалым, ақынның ел аузына ілікен шығармалардағы көркемдік табыстардың құпиясын ашып, ізденіс жолдарын көрсетіп, тіпті ақынның дамуын хронологиялық тұрғыда нақты көрсеткендігін білеміз. Ақынның

Гемалайдан кейінгі шығармашылық жетістігі қазақ халқының екі ғасырлық тарихын бейнелейтін «Дала» поэмасы деп таниды. Және мұны зерттеуші поэманың идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері, сондай-ақ құрылымындағы жаңалық неден көрінеді мәселесінде жан-жақты ашып береді.

Ақынның «Дала» поэмасы оқырманың қызығушылығын оятып, зерттеушілер поэманың берілу формасы туралы көп жазғаны белгілі. Ақынның өзі осы тақырыпқа үлкен дайындықпен келіп, поэмаға дейін бірнеше өлеңдер жазып, поэманың алғы шарттарын жасаған болатын. Осының барлығын ілиястанушы ғалым ретінде тап басып танып, «Дала» поэмасының ерекшелігі қазақ әдебиетінде көп көрінген ұзақ өлең сарынынан алшақтап, жанрға тән форма, заманға тән үн, ақынға тән айшық таба білуінде деп бағамдайды.

Оқып отырғанымызда байқалатыны Ілияс ақын «Дала» поэмасының композициясын халық өмірінің тарихи жолдарына сүйене отырып құрғандығы. Бұл форма аса жаңашыл болып көрінбеуі мүмкін, себебі ол талайларды тығырыққа тіреген, қиыншылыққа салған әдіс болатын. Сол әдіс талантты ақынды, қиялы ұшқыр, тілі бай Ілиясты сүріндірген жоқ.

Поэмада адамдар арасындағы өз ара қарым-қатынастар тікелей бейнеленбесе де, жыр астарынан ескі заманның, өткен кезеңдердің ауыр күндері мен қиын өмір сүрген кезеңдердің суреттерін оқырман жан дүниесімен сезерліктей түрде елестетеді. [1, 59-60 бб.].

Көркемдік код поэманың композициясындағы маңызды әдістердің бірі – шендестіру екенін атап көрсеткен ғалым, «Ақтабан», «Құл көгені», «Құрбандық» сияқты бөлімдердегі қиын кезеңдер мен ауыр тұрмысты бейнелейтін эриодтарды суреттеу тек жай ғана қысқаша баяндау үшін емес, керісінше «Өктәбр», «Теңдікк», «Қызыл жұлдыз» сияқты эпизодтардағы суреттеулермен өз ара салыстырып, өткен күнмен қазіргі өмірді оқырманның өзі саралап, қорытынды жасауына мүмкіндік беруді мақсат етіп ұсынады дейді.

Аталмыш поэманың тағы бір жаңалығы оның өлең құрылысында. Таратып айтқанда, шумағы мен ұйқасында. Бұл әдебиетімізде кең тараған дәстүрлі әр тармағы 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ емес.

/Алатаудың ақ сүті - а
//Асқар иген, құм сүйген - б
/Боз даланың қос құты: - а
Сыр менен Шу екі ене - в
Екі өзеңнен шықты шаң - г
Екі енені шапты жау...
Жуды жауды, қанды қан... - г
Батыр шықты жекегее – в

Бұл көзіқарақты оқырман назар аударып оқыса, белгілі бір тәртіпке негізделіп, жана ұйқасты шумақтармен өрілген жыр. Поэманың әлқисасы сынды Арнау мен соңындағы Той бөлімдерінен басқа барлық бөліктерінде бұл құрылым мықтап сақталған. Ғалымның көрсетуінше бұлайша өлең шумағын құру поэзиямызда бұрын болмаған жеті буынды өлеңнің жаңа бір түрі [1, 61 б.].

Қазақ әдебиетінде «Дала» поэмасының жанрлық сипаты туралы әдебиет зерттеуші ғалымдар Т. Нұртазин, М. Қаратаев, М. Дүйсенов, М. Сильченко, З. Кедрин, Ә. Дайырова, Ә. Нарымбетов, Н. Смирнова түрлі пікірлер айтқаны белгілі. Бірі эстетикалық-пайымдық тұрғысынан лирикалық – философиялық десе, екіншісі,

жылнамалық-пайымдық жағынан қарап, тарихи – философиялық поэма дейді, ал үшіншісі, сюжетті – тарихи поэма, лирико – публицистикалық поэма деп те біледі. Дұрысы «Даланы» жанрлық сипаты жағынан қағидаға салып бір түрге танып тастауға келмейді. Поэмада тарихтың да, философияның да, психологияның да жанрлық элементтері бар ерекше жыр.

Қазақ оқырманының ықыласына бөленген «Дала» поэмасынан соң ақын жүрегінде шабытының оты тұтанып, қиялы қалықтап, қаламын ұштай отырып, жаңа тақырып ретінде қазақтың ән-күйін алды. Ақындық қуатымен, ізенімпаздығымен бұл тақырыпты да жоғары деңгейге көтере білген Ілияс Жансүгіров өз биігінде қалып қоймай, әрдайым жаңа ойлар мен тың тақырыптап арқылы оқырмандарын қызықтыра алды.

Ақынның шығармашылығына қоса өмірімен де жақсы таныс Қ.Жұмалиев жастайынан ән-күйді терең сезініп, жанымен түсінген Ілияс әдебиетке ән-күйдің құдыретті күшінің туын көтере шықты.

Ілиястануда Қ.Жұмалиев адамзаттың тарихи даму кезеңдеріндегі түрлі қиындықтар мен қол жеткізген мақсаттары мен жетістіктерін, жан әлемін тербейтін әуен мен үн арқылы жеткізе алатын музыкалық өнердің тілін терең түсініп, сол тілмен оқырмандарға мән-мағынасы мол дүниелерді жеткізе білген тұлғалардың бірі Ілияс деп біледі [1, 62-63 бб.].

«Күй» поэмасын талдау барысында ғалымдар мен сыншылар, кейіпкер Молықпай шал мен Бөзінгеннің айналасынан шыға алмай шырмалып жүргенімізді білікті ғалым ретінде дұрыс көрсетіп өтеді. Негізінде, бұл поэмада айтылмақ авторлық ой ертегілерден әлдеқайда терең әрі мағыналы екені анық. «Күй» поэмасы автордың есейген дүниетанымын, ескі дәстүрлерден арылып, жаңа қоғамға өз көзқарасын ашық білдіре алатын ақынның бейнесін көрсетеді деп түйіндеген болатын.

Ілияс шығармашылығын талдау барысында ғалым ақынның музыка тілін терең сезінетінін ерекше қабілетке ие жан екендігін «Күй» және «Күйші» поэмаларына тоқталғанда кеңінен атап өтеді. Тумысынан табиғи композиторлық таланты бар. І. Жансүгіровтің күйдің пайда болу процесін бейнелеуі мен күйші жүрегінде орын алып жатқан түрлі сезімдер мен өзгерістерді дәл сипаттауы жаратылысынан, осы қабілеттің көрінісі деп бағаланады.

Зерттеуші, поэмадағы кейіпкер танымын көрсететін ішкі монологтарды талдай отырып, күйші жүрегіндегі аласапыранды оқырмандардың терең сезінуіне мүмкіндік беретін, күйге ену сәті деп сипаттайды. Мұны поэмадағы келесі суреттемелер арқылы аша түседі.

/Қияндап кетті мініп қиялына,
/Ондайда қиял бойын жияды ма?
Ұмытып қайда екенін, кім екенін,
/Быж-тыж боп отыр сорлы қыз алдында.

/Әлде қыз, әлде түлкі кім алдымда?
/Үстіне, не боп кеттім, құлармын ба?
Әлде өнім, әлде түсім, қайда кеттім,
/Апырм-ау, бар ма, жоқ па көз орнында?

Ғалым ақынның қарымдылығын және І.Жансүгіровтің ерекше стиліне тоқтала отырып, «Ілиястың «Күйшісі» жанр жағынан эпикалық-романтикалық поэмалар қатарына жататынымен, поэмада адамның ішкі әлемін суреттеуге айтарлықтай көп көңіл бөлінгендігін көрсетеді.

Ғалым сөз өнерінде адамның ішкі сезімдеріндегі өзгерістер мен құбылыстарды ақындар мен жазушылар әртүрлі әдістермен, мысал, параллелизм, арнайы монологтар, лирикалық шегіністер немесе табиғаттың бейнесін қолдану арқылы жүзеге асатындығын айтады. Бұл тәсілдердің барлық элементтері дерлік Ілияс Жансүгіровтің шығармаларында да кездеседі. Сондай-ақ ақыын поэзиясына қаһармандардың басынан өткен жағдайларды тікелей суреттеу немесе олардың ішкі ойлары мен сезімдерін монолог арқылы көрсету әдістері тән. Бұл ақынның шығармаларындағы өзіндік ерекшеліктерін және төл әдебиетіміздің өсу кезеңдерін түсінуге көмектеседі [1, 67-68 бб.].

Қазақ әдебиетімен жете таныс Қ.Жұмалиев ақынның аталған поэмаларына дейін қазақ кеңес поэзиясында адам психологиясын жан-жақты суреттеуде белгілі бір олқылықтар болғанын әдебиет зерттеушілері жақсы білетінін айта келіп, ақын бұл кемшілікті тек жойып қана қоймай, оның орнына жоғары дәрежедегі көркем үлгілерді қалдыра алғанын атап өтеді.

I. Жансүгіровтің өзіндік қолтанбасын көрсетуді мұрат тұтқан ғалым, ақынның өлеңдерінен музыкалық элементтердің басымдылығын, сондай-ақ қазақ поэзиясына жаңашыл образдар мен сөйлем құрылымдарын енгізгенін атап көрсетеді.

Өнертанушылар пікіріне сүйенсек, поэзияның музыкалық қасиеті, негізінен, дыбыстардың жанға жақын әуезділігіне (эвфонияға) және олардың табиғи әрі заңды қолданылуына тәуелді. Осы аталған себепті, дауысты және дауыссыз араласуы мен белгілі бір деңгейде қайталануы ақындар шығармашылығында жиі кездеседі. Алайда, біз сөз етіп отырған дыбыстардың мөлшерін, шегін әр ақын өз сезіміне сай анықтайды. Түрлі себептерге байланысты табиғи заңдылықтан ауытқып кетсе, дыбыстардың қайталануы өлеңнің әуезділігі мен музыкалығын жояды, ал бұл, өз кезегінде, жыр сүйер оқырмандардың әдемілікке деген сезіміне кері әсер етеді.

Әдебиетте дыбыс қайталануының әр алуан түрі бар екенін байқауға болады. Мұның негізгі түрі дауысты және дауыссыз дыбыстардың қайталануы. Бұл әдісті қазақ әдебиетіндегі көптеген ақындардың өлеңдерінен көруге болады. Дегенмен, бұл жерде өзіміз сөз етіп отырған Ілияс өлеңдерінде жиі кездесетін ерекше ішкі ұйқасты (внутренняя римфа) атап өткен дұрыс.

XX ғасырдың 30-40 жылдары қазақ поэзиясында ішкі ұйқасты дамытуды және өлеңнің музыкалық әуезін арттыруда үлкен рөл атқарған ақындардың бірі Ілияс Жансүгіров болды. Автордың «Күйші», «Күй», «Құлагер» поэмаларын оқығанда, өлеңнің ырғақпен, еш бөгелусіз ағып жататынын, сондай-ақ оқушыны үйіріп әкететін күштің ішкі ұйқастың мәнінде екенін байқаймыз. Бұл Ілияс өлеңдерінің толықтығы мен үйлесімділігін қамтамасыз еткен басты фактор болып табылады [2, 3 б.].

Өлеңдегі шумақ аяқталған ойды білдіретін тұтас бөлшек деп қарастырған ғалым, оның құрылуы үшін ырғақ пен ұйқастың маңыздылығын, бұл екі элементсіз өлеңнің қалыптаспайтынын теориялық жағынан да ретімен атап өтеді. Мұны ғалым орта деңгейлі ақындар өлеңдерінде бір шумақта дыбыс үндестігін сақтайын үш толық ұйқас табылмаса, I.Жансүгіровтің шығармашылығында бір ғана жолда бірнеше ұйқастың үздіксіз жалғасатынына назар аудартады.

Мысалы:

Сайрадың құйқылжытып, құбылжытып,
Тамсандым, таңдайымның суын жұтып.
Толқытып, толықсытып, еміретіп,
Қиқуға қызықтырдың, кылдың ынтық.

Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығы сөз болғанда ғалымның және бір тоқталғаны ақынның сөз образдарының оригиналдығы. Оригиналдылық ғалымның пайымынша кез келген шығармашылық тұлғаға келмейтін, тек аса ісмер сөз зергерлеріне ғана тән, қалыптан тыс теңеу, метафоралар және басқа да фигуралар. Мұны ғалым ақынның «Сапты аяқ» деген өлеңінен мына бір шумақты келтіру аарқылы дәлелдейді.

«Қабаққа біткен қайыңның
Беріші еді, безі еді.
Өтіндей ақ аюдың,
Әкемнен қалған көзі еді». («Сапты аяқ»)

Мысалға алынған көркемдік әдіске қатысты ғалым былай дейді: (Назар аударып қарасақ, ақын ас ішетін ыдыс аяқты аюдың өтіне теңейді. Бұл арғы-бергі поэзиямызда бұрын кездеспеген, жаңа тәсіл. Байқасақ, бұлай теңеу тіпті ойға келмейтін нәрсеге жасалған, оның оригиналдығы сол, теңелген заттың өмірде өте мұқтаж әрі қажетті болуында. Атадан балаға мұра болып жеткен сапты аяқты иемденушілер үшін бұл қасиет әрі нәзік, сонымен бірге өте шебер беріледі дейді.

Қорытынды: І.Жансүгіровтің поэзиясы бүгінгі қазақ әдебиетінде ерекше орын алатыны даусыз. Оның сөз қолдану стилі, шығармашылық галериясының кеңдігі және тіл қолдану шеберлігі қазақ поэзиясының өркендеуіне елеулі үлес қосқан. Академик Қажым Жұмалиев мақалалары мен зерттеу еңбектерінде Ілияс Жансүгіровтің қазақ әдебиетіне енгізген бірнеше маңызды жаңалықтарын атап көрсетті:

- І.Жансүгіров қазақ өлеңінің құрылымын жаңа шумақ және ұйқас түрлерімен байытты («Дала» жеті буыннан келетін сегіз тармақты шумақ).

- ақын, өлең мен поэмаларында өмір құбылыстарын бейнелеуде ерекше әдістер ұсынды;

-тарихи тақырыптарды жаңаша көзқараспен жырлау үлгісін көрсетті және жанрлық сипаты айқын дамыған поэмалар жазды;

-поэзиямызда психологиялық суреттеу әдісін дамытып, жаңа деңгейге көтерді;

-сөздік қорымыздың жаңа дәуірді бейнелеудегі мол мүмкіндігін ашып берді.

Бізғарлы жылдардың өзінде ғалым І. Жансүгіровтің ақындық ерекшелігі мен азаматтық болмысы туралы кеңестік идеологияның қатаң бақылауына қарамастан ашық та, тұспалмен де біраз мәселелерді анық көрсеткен. Бүгінгі таңдағы ілиястануда академик Қажым Жұмалиевтің ойлары маңыздылығын жойған емес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Жұмалиев, Қ. Стиль-өнер ерекшелігі [Текст] / Қ. Жұмалиев – Алматы: Жазушы, 1966. – 350 б.

2 Жұмалиев, Қ. Стиль-өнер ерекшелігі [Текст] / Қ. Жұмалиев – Орал: Ағартушы, 2010. – 240 б.

3 Мамыров, А. Қажым Жұмалиев – эпостық жанрдың түрлерін зерттеуші [Текст] / А. Мамыров – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2012. – 190 б.

4 Жұмалиев, Қ. Қазақ поэзиясы: стилі мен мазмұны [Текст] / Қ. Жұмалиев – Алматы: Ғылым, 1988.

5 Жұмалиев, Қ. Жансүгіров поэзиясының тілдік ерекшеліктері [Текст] / Қ. Жұмалиев – Алматы: Мектеп, 1995.

6 Жұмалиев, Қ. Ұлттық әдебиеттегі сөз саптау мен стиль ерекшеліктері ерекшеліктері [Текст] / Қ. Жұмалиев – Алматы: Арыс, 2008.

7 Мамыров, А. Қазақ поэзиясындағы жана ағымдар мен бағыттар [Текст] / А. Мамыров – Алматы: Жазушы, 2010.

8 Мамыров, А. Қ.Жұмалиев қазақ әдебиеттану ғылымындағы орны [Текст] / А. Мамыров – Алматы: Жазушы, 2005

REFERENCES

1 Zhumaliyev, K. Stil'-oner ereksheligi [Style-feature of art]. Almaty: Zhazushy, (1966): 350 b. – (In Kaz)

2 Zhumaliyev, K. Stil'-oner ereksheligi [Style is a feature of art]. Oral: Agartushy, (2010): 240 b. – (In Kaz)

3 Mamyrov, A. Kazhym Zhumaliyev – jepostyk zhanrdyn turlerin zertteushi [Kazhim Zhumaliyev-researcher of the types of epic genres]. Oral: M.Otemisov atyndagy BK\MU baspa ortalygy, (2012): 190 b. – (In Kaz)

4 Zhumaliyev, K. Kazakh poezijasy: stili men mazmuny [Kazakh poetry: style and content]. Almaty: Gylm, (1988) – (In Kaz)

5 Zhumaliyev, K. Zhansugirov poezijasynyn tildik erekshelikteri [Linguistic features of the poetry of K. Zhansugurov]. Almaty: Mektep, (1995) – (In Kaz)

6 Zhumaliyev, K. Ul'tytk adebiettegi soz saptau men stil' erekshelikteri erekshelikteri [Features of the formation and style of speech in national literature]. Almaty: Arys, (2008) – (In Kaz)

7 Mamyrov, A. Kazakh poezijasynyndagy zhana agymdar men bagyttar [New trends and trends in Kazakh poetry]. Almaty: Zhazushy, (2010) – (In Kaz)

8 Mamyrov, A. K. Zhumaliyev kazakh adebiettanu gylmyndagy orny [Zhumaliyev place in Kazakh Literary Studies]. Almaty: Zhazushy, (2005) – (In Kaz)

СТИЛИСТИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКА ПОЭЗИИ И. ЖАНСУГУРОВА ОСНОВАНА НА ИССЛЕДОВАНИЯХ КАЖИМА ЖУМАЛИЕВА

Аннотация. В статье исследуются научные суждения выдающегося ученого Кажима Жумалиева, высказанные в Илии. Здесь анализируется поэтическое мастерство и стилистическая специфика Ильеса Жансугурова на основе исследовательских работ ученого Кажима Жумалиева. На основе исследований Кажима Жумалиева стилистические особенности поэзии Жансугурова рассматриваются в нескольких аспектах. Академик Кажим Жумалиев, анализируя произведения Ильеса, останавливается на его месте и особенностях в литературе.

Поэма И. Жансугурова «Гималаи» по мнению Кажима Жумалиева, в этой поэме были созданы строфы, в которых поэт выражает осмысленно законченную мысль, сочетая произвольный сон и черный поэтический сон. Использование в построении поэмы» Гималаи " 7-8 слогового Жырауского образца, его достижение уровня поднятия духа человеческого рода — все это говорит о месте и значении поэмы в казахской литературе. К. Жумалиев также отмечает идейно-художественную новизну поэмы» степь «после» Гималаев", где поэт глубоко и реалистично отражает историю, культуру, быт народа. Композиция поэмы "степь" основана на истории народной жизни и показывает связи между прошлым и настоящим, используя метод шендирования. Эпизоды поэмы, особенно такие разделы, как «Ақтабан», «Кул-Кеген», «жертвоприношение», напоминают о тяжелых днях народа, описывая исторические события.

Исследования кажима Жумалиева помогают глубже понять стилистические особенности поэзии И. Жансугурова, раскрывают смысл и место его творчества в литературе.

Ключевые слова. Идея, жанр, стиль, композиция, построение стихотворения, ритм, образ, сюжет, сравнение, метафора.

THE STYLISTIC SPECIFICS OF I. ZHANSUGUROV'S POETRY ARE BASED ON THE RESEARCH OF KAZHIM ZHUMALIEV

Abstract. The article examines the scientific opinions of the outstanding scientist Kazhim Zhumaliev expressed in Iia. It analyzes the poetic skill and stylistic specificity of Ilyas Zhansugurov based on the research work of scientist Kazhim Zhumaliev. Based on Kazhim Zhumaliev's research, the stylistic features of Zhansugurov's poetry are considered in several aspects. Academician Kazhim Zhumaliev, analyzing Ilyas' works, dwells on his place and peculiarities in literature.

I. Zhansugurov's poem "The Himalayas" according to Kazhim Zhumaliev, stanzas were created in this poem in which the poet expresses a meaningfully completed thought, combining an arbitrary dream and a black poetic dream. The use of 7-8 syllabic Zhyrau pattern in the construction of the poem "Himalayas", his achievement of the level of uplifting the spirit of the human race — all this speaks about the place and significance of the poem in Kazakh literature. K. Zhumaliev also notes the ideological and artistic novelty of the poem "steppe" after "Himalayas", where the poet deeply and realistically reflects history, culture, way of life the people. The composition of the poem "steppe" is based on the history of folk life and shows the connections between the past and the present, using the shending method. The episodes of the poem, especially such sections as "Aktaban", "Kul-Kegen", "sacrifice", recall the difficult days of the people, describing historical events.

Kazhim Zhumaliev's research helps to better understand the stylistic features of I. Zhansugurov's poetry, reveals the meaning and place of his work in literature.

Keywords. Idea, genre, style, composition, construction of a poem, rhythm, image, plot, comparison, metaphor.